

Шығыс Қазақстан облысы

**Аубакирова Еркежан,
К. Шәкенов атындағы орта мектебінің 11 сынып оқушысы**

Жаңа Астана – тарихи оқиға.
Бұл елдің өз тәуелсіздігін алып,
көк байрағын көтергенмен бірдей қуаныш

Н.Назарбаев

Еркіндік – ежелден ел тілегі. Еркіндіктің таңы атты. Қазақстан бейбіт елдің, іргелі елдің қатарына қосылды. Арайлап атқан таңы бар, мінезді елі бар, жазиралы жері бар Қазақстан ХХІ ғасыр табалдырығын аттап отыр. Бабалар аманат еткен кең-байтақ жерімізді, тіліміз бен тегімізді сақтап қалдық. Елдің елдігін танытатын астанамызды айқындадық. Соңғы бір ғасырдың өзінде Қазақстан төртінші астанасына көшіп отыр.

1991 жылдың желтоқсанында азаттық таңы атысымен еліміздің өркендеуі үшін алға қарай батыл қадамдар жасалды. Ең алдымен жас мемлекеттің астанасы қайда болу керектігі туралы сұрақ күн тәртібіне қойылды. Бұл сұрақ та шешілді.

Елорданың келбеті күннен-күнге қуантуда. Ұмыт болған Ата-тарихымызды жаңғыртуда. Ұстағанның аузында кеткен дүниелеріміз қайтуда.

Күлтегін жазуының жеткізілуі, дала даналары Төле, Қазыбек, Әйтеке билерге, Кенесары ханға, Абылайға орнатылған ескерткіштердің өзі өмір бойы басқа елдің бодауында болған қазақ елінің еңсесін көтеріп тастады.

Асанқайғы, Бөгенбай, Қорқыт өткен – Астана,
Кенесары, Наурызбай жортып өткен – Астана!
Амангелді патшадан қаймықпаған – Астана
Махаббатын Мағжанға айнытпаған – Астана! –
деп, Қайнар Олжай жырлағандай, шынында да, қайнауы тарихқа толы Ақмоланы астанаға таңдауы тегін емес екен.

Шіркін-ай, десеңізші, қазақтың қай даласы бөлшектенбей бүтін қалды дейсің?...Басынан тар жол, тайғақ кешуді өткізген қазақ елінің талай даласын, қаласын бөгде ел билеп алды ғой.

Астана – халқымыздың болашағы мен ертеңінің кіндігі. Астананың келешегі мол, болашағы жарқын деп есептеймін.

Жаңа Астана – тәуелсіздігіміздің тірегі болып, халқымның арманын жалғастырып, үкілеген үмітінің ертеңі болса екен деймін. Алты алаштың баласы ат басын тіреген Астана қаласы білім мен мәдениет ордасына айналатынына кәміл сенемін. Достық пен

татулықтың алтын сағасына жол салып отырған Астана – ай сәулелі астана болмақ.

Елорданың Астанаға көшу идеясын көтерген де, көпшілік қолдауына да ие болған да ұлы тұлға Н.Назарбаев. «Өз елім өзегім», – деп елін сүйе білген, ауылдың ақ бесігімен тербеліп, ата-баба дәстүрімен сусындап өскен тұңғыш Президентіміз Астананы баға жетпес мемлекеттің астанасына айналдыруға күш салуда. Күннен күнге өркен жайған Астана кешегі Астана емес. Көз алдымызда өсіп, еркелеп аққан Есіл өзенінің сол жақ жағалауында бой түзеуде. Бес арысымыздың бірі Ж.Аймауытов айтқандай: «Президент дегеніміз – өз елінің тәрбиелі тұтқасы». Нұрсұлтан ағамыздың есімі қазақ тарихында аты қалар ұлы адам. Өйткені, ғасыр бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізді, егеменді ел болып еңсемізді көтеруге ат салысты, бабалар арманын орындаған ғұлама деп білемін. Тәуелсіздік – Нұрсұлтан – Астана!!! Бір-бірінен ешқашан бөлінбейтін киелі де қадірлі ұғымдар.

Иә, Елдігіміздің іргесін қалау оңайға түспеді. Тәуелсіз елдің болашағы, кемелді келешегі үшін жанын салып қызмет істеген Н.Назарбаев тек қана қазақ елінің маңдайына жаратылған біртуар ұлы, жарқын өмірдің көшбасшысы бола білді. Сөзінің адалдығы, іскерлігі, табандылығы талайды тамсантты. Байсалды мінезімен елін 50 елдің қатарына қосуда. Сұңғылалығымен ғасыр бойы жұмбақ күйімен жасырын жатқан тарихымызды оятып, елдің рухын асқақтатуда. Астананы белгілеп, уығын қадап, шаңырақты көтеріп берді. Ұлы істердің ұлылығын жалғады. «Еркін елдің ертеңі – Астанадан басталу керек» – деді. Міне халықаралық маңызы бар мәдени орталықтың ордасына айналған Астана Қазақстанның жаңаруы мен жаңғыруының, жасаруы мен ғаламданудың символына айналды. Жаңа Астана халықтың өзінің күш-жігеріне деген сенімнің белгісі.

Бүгінгі Астана мен келешек Астана – бұл біздің ізгілікті ойларымыз бен ұмтылыстарымыздың ең басты жемісі. Астана – бейне қауыз жарып келе жатқан көп гүлді, мол жапырақты өсімдік тәрізді байтақ Сарыарқа төсіндегі жеке-дара жап-жасыл жазира. Қараған жан болашақ Астананың сәулет ажарында ұдайы жаңа өрнек пайда болып, әрдайым жаңарып отыратынын байқайды.

Астана – өмір жолы. Қазақ елінің ұлы көші. Бүкіл байтақ Қазақстанның өркендеуіне соны серпін беріп отыр. Ұлтымыздың жаңа ғасырдағы жарқын тарихының шежіресі де дәл осы жерде жазылып жатыр.

Мен өзім ауылда туып, ауылда тұрсам да, Астананың айбынының асқақ болғанын тілеймін. Себебі, мен – елімнің ертеңімін. Болашақ арманым сол Астанамен жалғаса ма деп үміттенемін. Астананы – халық жолы, бүкіл қазақ халқының өмірі деп бағалаймын. Астана сағат санап өзгере берсін. Бейне бір «Қазақстан астанасы деген орнымды алуға әзірмін!» дегендей жаңа түрге ене берсін!

Астана – ақындар қаласы. Бұл тұжырым қаланың ежелден-ақ ән-жырдың ордасы болған. Бір кездері далалық өлкемізді молынан зерттеген Григорий Потанин: «Маған бүкіл Астана ән салып тұрғандай болып көрінеді», – деген

еді. Бұл әндер Қазақстанның барлық халықтарының тілінде шырқалады. Жүректі жарып шыққан осы әндер көк аспанымызда шырқала берсін!

Астана – ХХІ ғасыр қаласы. Жаңа астана тағдыры жас ұрпақ тағдырымен, жастардың арман-үмітімен тығыз байланысты! Ертеңге қол созған ел астанға зор үмітпен қарайды.

Ел орданың өркендеуіне бас болып, жан бітірген, түп атасынан батыр болып туған Президентіміздің көрегендігі мен батырлығына қайран қалмасқа болмайды. Қазақстанды шынға сүйреуде қабілет күші жеткен нағыз қажыр-қайрат иесі, талантты адамның өмір жасы ұрпақтарға үлгі-өнеге. «Ғасыр Адамы», реформатор, «Қазақстан» атты өршіл кемеңі өз Отанының байлыққа кенеліп, гүлденуі үшін алға бастап келе жатқан Елбасы бізге – ұлы адам.

Ерлік, қайрат, бірлік, бақ, ардың алтын ұясына айналып қазақ халқының нұрлы өмірінің шам-шырағындай жарқырап, айбынын асқақтатқан Астана, жарқырай бер демекпін! Өркендей берсін!

Есілі жарқылдап, күліп аққан, ғаламға құлақ жүргізіп, көк туды көкке ілгізген Астана, өркендей бер! Президентіміз Н.Назарбаев бағалағандай: «...Ерке Есіл жағасында бой көтерген, ерекше сәулетті ландшафты бар, бірегей мүсіндік нышандары сап түзеген, жоғары технологиялы болашаққа ұмтылған, өзгені сыйлап, өзінің жаңа астанасы мен өз елін шексіз мақтаныш тұтатын көп ұлтты және көп дінді халқы бар әсем де мейірлі астанамыз, міне осындай қала».

**Бицоева Анастасия,
дарынды балаларға арналған «Восток» мектеп-кешен орталығының
7 сынып оқушысы**

Мен өмірімде Астанаға барған емеспін, бірақ бұл ғажайып әдемі қала туралы көп естіп, көп оқығанмын. Астана гүлденіп келе жатқан жас қала. Астана – біздің Республикамыздың жаңа астанасы. Қаламыздағы жаңа, биік, әсем ғимараттар күннен күнге, сағат сайын өсіп келеді. Ұлы қаламыздың орталығынан орын алып тұрған “Бәйтерегіміз” көз тартарлықтай. Оның ең жоғарғы қабатынан Есіл өзенінің бойында орналасқан Астанамыз алақандағыдай болып көрінеді екен. Өте аз уақыттың ішінде қала тез өзгеріп кетті. Елбасы Резиденциясы, Парламент үйі, Жастар сарайы, “Интерконтиненталь” қонақ үйі, зәулім үйлер, көп қабатты тұрғын үйлер, жасыл желек көшелері мен әдемі саябақтары қалаға келген қонақтардың көзіне бірден түседі.

Менің атам Астана туралы көп әңгімелейді. Ол Астана қаласында, жұмыс сапарымен бірнеше рет болған. Ал осы жылы атам әдейі мені қыдырту үшін Астанаға апаратынын айтты. Егер барсақ, мен бірден Бәйтерекке барамын. Онда Елбасымыздың алтыннан құйылған қолтаңбасы бар екен. Қолтаңбаға қолыңды салып, арман тілегіңді айтсаң, арманың міндетті түрде орындалады дейді. Мен оған сенемін. Өйткені, ол – біз сенім артатын, өз елі үшін бар күшін салатын Президентіміздің қолтаңбасы. Бұл қолтаңба Елбасымыздың осында келген адамдардың әрқайсысына қол беріп – “Қош келдіңіздер!” – дегені ғой.

Мен де барып, амандасып, Нұрсұлтан атамызға біздің осы жарқын болашық, бейбіт өміріміз үшін, тыныш ұйқымыз үшін зор алғысымды айтар едім.

Содан кейін ғана басқа жерлерді аралаушы едім. Океанариумға барамын. Онда балықтардың ұсағынан, ең үлкендеріне дейін бар дейді. Және онда акула, крокодил, суда жүретін жыландар мен тағы басқа теңіз тереңдігінде өмір сүретін жәндіктерді көруге болады дейді. Ең қызығы – оларды судың тереңінде жүріп, аквалангистер тамақтандырады екен. Бұны көруге еліміздің түкпір-тікпір жерлерінен, тіпті басқа елдерден де келеді дейді. Сонда біздің Астана туралы бүкіл жер шары біледі деп айтуға болады ғой. Қандай тамаша Осындай жетістіктеріміз үшін біз Елбасымызға шексіз рахметімізді айтамыз.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өз қызметін 19 жыл мінсіз атқаруда. Ол басқа елдермен жақсы қарым-қатынас жасап, келісім жүргізіп тұрады. Сондықтан біздің мемлекет бейбіт өмір сүреді. Нұрсұлтан Әбішұлы – тарихта мәңгі қалатын ұлы тұлға. Мен осындай күннен-күнге дамып келе жатқан, болашағы зор, көп ұлтты, бейбіт өмір сүріп жатқан мемлекеттің азаматы болғанымға мақтанамын! Өсе бер менің елім, гүлдене бер менің жерім, жасай бер менің Астанам!

Астанам – қандай сұлу келбетің,
Сенде туып, сенде бүгін ержеттім!
Алысқа ұзап, арман қуып кетсем де,
Көз алдымда тұрат сенің суретің!

Варежникова Марина,
специальная школа для одаренных детей, ученица 10 класса

Астана – арман қала

Мемлекетіміздің астанасы – Астана қаласы. 1998 жылға дейін астанамыз әлемдегі ең сұлу қалалардың бірі Алматы болып келді. Астананы ауыстыру көптеген экономикалық, саяси, демографиялық, географиялық жағдайларға байланысты туындады. Біріншіден. Бұрынғы Ақмола, қазіргі Астана қаласы республиканың орталық аймағына орналасқан. Бұл облыстар мен аудандарды басқаруға қолайлы. Екіншіден, қаланы кеңейтіп, жаңа құрылыстар салу бұл өлкенің экономикасын көтеруге, еліміздің солтүстік аудандарындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды жақсартуға мүмкіндік береді. Үшіншіден, Астананың орналасқан жері мемлекеттің геосаяси мүдделерін қанағаттандырып, оның ұлттық қауіпсіздігін нығайтуда ықпал жасайды. Белгілі ағылшын философы әрі тарихшысы А.Тойнби «Тарихқа қол жеткізу» кітабында мемлекеттің негізін қалаушылар әкімшілік қызметке ыңғайлы болуы үшін астананы көбінесе елдің орталығынан тандайды деп, әділ түрде атап көрсеткен болатын. Одан ары қарай ол «Ішкі қысымның әсерімен артынан ол шекараға қарай біршама жылжуы мүмкін» деп, жазған болатын. (А.Тойнби, «Тарихтың қол жеткізуі», М., 1991, 509-бет). Саяси географияның мұндай заңдылығы жас егеменді республиканың өз астанасын таңдау барысында айқын көрінді. Сөйтіп, астана мемлекеттің солтүстігіне қарай ауыстырылды. Бүгінгі таңда

астана қаласы күн сайын көркейе түсуде. Астананы Алматыдан Астанаға ауыстыруға байланысты Н.Ә.Назарбаев: «Бізге ұлы Алатаудың бауыры тар бола қойған жоқ, керісінше, Жетісуды тастап кетуді қимаймыз. Бірақ тарихтың қатал талаптары осындай. Ахуал өзгеруде. Астананы ғана емес, көрші облыстарды да өзгерту әлем алдында күлкіге қалдырмақ. Ал Алматы республиканың ғылыми және мәдени орталығы ретінде әрбір қазақстандықтың жүрегіне жақын қала болып қала бермекші», - дейді. 1998 жылдың 10 маусымында Қазақстанның жаңа астанасы Астана қаласының салтанатты тұсаукесері болды. Астананың өзгеруін Қазақстан жұртшылығы, әлемдік қауымдастық мақұлдап қарсы алды. Республикамыздың жаңа астанасының құрылысына итальян, түрік, швейцар құрылыс фирмалары қатысуда. Астана Қазақстан Республикасының Евразиялық мемлекет екендігін айқындай түсуде. Батыс пен шығыстың мәдениеттері тоғысып, бір-бірін байытатын қалалардың болашағы зор. Қазір Астана құрылысы шапшаң жүруде, жаңа тұрғын үйлер мен зәулім ғимараттар жаңбырдан кейінгі саңырауқұлақтай көбейіп келеді. Аз уақыттың ішінде Президенттік Мәдени орталық Конгресс-хол, Мәдениет сарайы, Л.М.Гумилев атындағы Евразия университеті, ауқымды жаңа тұрғын ықшам аудандар, халықаралық деңгейдегі мейманханалар салынып, Абай мен Кенесары ханға ескерткіштер орнатылды. Қала ортасын жарып өтетін Есіл өзенінің жағалауы көркейтіліп, жаңа алаңдар мен саябақтар бой түзеді. Есілдің сол жағалуында тұтастай тұрғын үй ғимараттары, Үкімет пен Парламентке арналған әкімшілік ғимараты, Президент Резиденциясы, министрлік үйлер, жаңа опера театры, жаңа әуежай салынуда. Жұрттың көз алдында Астан Қазақстанның ең көркем қаласына айналып келеді.

Астана (бұрынғы Ақмола) Қазақстан Республикасының орталық бөлігінде 71° шығыс бойлықта 51° солтүстік ендікте орналасқан және Қазақстан Республикасының астанасы, елдің саяси-әкімшілік, ғылыми және мәдени орталығы болып табылады.

Ақмола жері әрқашан да өзінің ерліктерімен, ұлы адамдарымен даңқы шыққан жер. Бұл есімі алыс өлкелерде белгілі, қазақтың ұлы батырлары мен билерінің, ақындары мен сазгерлерінің, жазушылары мен ғылымдарының отаны болған жер. Бөгенбай батыр, Саққұлақ би, Құлтума, Балуан Шолақ, Ілияс Есенберлин және тағы басқа көптеген түлектері барлық қазақстандықтардың мақтанышына айналған.

1830 жылдың маусым айында өлкені ойсыратқан шапқыншылықтардан қорғау мақсатында, бекіністің іргесін қалау үшін Қараөткел шатқалына қазақ подполковнигі Федор Шубиннің отряды келіп жетті. Қамалдың іргетасы алғашқы көзделген орыннан 30 шақырым жерде қаланды. Ал оның тұратын жері Нұра өзенінің алқабы болуы керек еді, өзі Александр Невскийдің атымен аталуға тиіс еді. Алайда өзен суының аса қатты тасуы тандалған орынның жаңсақтығын айқындап берді. Осыдан кейін қонысты Қараөткел шатқалында, Есілдің оң жақ биік жағасында салу туралы шешім қабылданды. Дегенмен де, қоныс Ф.Шубиннің бастамасы бойынша өзі қағаз бойынша тұруға тиіс шатқалдың атауымен Ақмола деп аталды.

1830 жылғы 18 маусымда (жаңа күнтізбек бойынша 1 шілде) сұлтандар мен болыс старшиналары округтік әміршілік құрылысын салу үшін таңдалған орынды құптап, қолхат берді.

Ақмоланың негізгі қаланған күн осы күн болды.

Егеменді Қазақстанның болашақ астанасының алғашқы кірпіші осылай қаланды. Мылтық атылып салют берілді. Бірақ ол кезде ешкім де, өзінің ең бір ұшқыр қиялында да, не үшін салют беріп тұрғанын болжай алмап еді. Осыдан кейін орын алған барлық оқиғалар, қамал-қаланың және тұтас елдің кейінгі бүкіл тарихы оларды әлем астаналарының қоғамдастығындағы «Астана» деген әуезді, сырлы есімі бар ең жас күншығыстық бауырласының дүниеге келетін күніне тоқтаусыз жақындата берді.

1832 жылы қамал сыртқы округ болып қайта құрылды. 1845 жылдан бастап қамал Ақмола қазақ станциясы деп атала бастады да, 1862 жылы қала мәртебесін алды. 1869 жылы орталығы Омбыда орналасқан осы аттас облыс құрылады. Ақмола ояздық қалаға айналады. Ол Қамал, Слободка, Қазақ станциясы және қала болып 4 бөлікке бөлінеді.

Без такого Президента Республики, как Н.А.Назарбаев не было бы того, что есть сейчас. Он вкладывает все свои силы в развитие Казахстана. И поэтому сейчас наша страна, столица развиваются. Земля Акмолы всегда славилась подвигами, великими людьми. Она – родина великих казахских батыров т биев, акынов и композиторов, писателей и ученых, известных далеко за ее пределами. Богенбай батыр, Саккулак бий, Култума, Балуан Шолак, Ильяс Есенбердин и многие другие стали гордостью всех казахстанцев.

В июне 1830 года, дабы оградить край от разорительных набегов, в урочище Кара-Уткуль (Караоткель – «Ч(рный брод)») прибыл отряд казачьего подполковника Федора Шубина, чтобы заложить укрепление.

Однако крепость была основана в 30 верстах от первоначального предназначенного места. А стоять она должна в пойме реки Нуры и называться именем Александра Невского. Но сильнейшее половодье выявило ошибку в выборе места. Тогда было принято решение строить поселение в урочище Караоткель, на правом, высоком берегу реки Ишим (Есиль). Тем не менее, по инициативе Ф.Шубина поселение было названо по урочищу Акмола, где оно должно было появиться по бумагам.

18 июня (1 июля по новому стилю) 1830 г. Султаны и старшины волостей дали расписку, одоблив выбор места строительства окружного приказа. Этот день и стал дн(м основания Акмолинска. Так был заложен первый кирпич в строительство будущей столицы суверенного Казахстана.

Был произведен ружейный салют. Но никто тогда, даже в самой невероятной фантазии, не мог предположить, чему он салютует. Все дальнейшие события, вся последующая история крепости-города и страны в целом с неизбежностью приближали их ко дню рождения в сообществе столиц мира самой молодой из сестер с методичным, загадочны восточным именем «Астана».

В 1832 году крепость была преобразована во внешний округ. С 1845 года крепость стала называться Акмолинской казачьей станицей, а в 18762 году

получает статус города. В 1869 году, в связи с образованием одноименной области с центром в Омске, Акмолинск становится уездным городом. Делился он на 4 части – Крепость, Слободку, Казачью станицу и город.

В новый век – с новой столицей.

В 1992 год, в первый год независимости Республики Казахстан, городу было возвращено его исконное название – Акмола, что трактуется как белое изобилие (ак мол). Еще через 2 года Президент Н.А.Назарбаев выступил с предложением перенести сюда столицу Казахстана.

Впервые вопрос о переносе столицы был поднят Президентом 6 июля 1994 года на выступлении на сессии Верховного Совета республики. Депутаты поддержали его своим постановлением. 15 сентября 1995 года Глава государства издает Указ о переносе столицы в Акмолу. 10 октября 1997 года Президент издает Указ «Об объявлении г.Акмолы столицей республики Казахстан». На историческом совместном заседании обеих палат законодательного собрания он сказал: «Сегодня мы, высшие органы власти Республики Казахстан, торжественно заявляем, что 10 декабря 1997 года Акмола является столицей нашего государства». И, наконец, 6 мая 1998 г. Он издает Указ о переносе Акмолы в Астану.

Астана находится как раз на пересечении воздушных трасс, железнодорожных и автомобильных магистралей. Она выгодна в экологическом отношении: чистый, продуваемый город, расположенный на равнинной местности. Что касается ностальгических эмоций... что ж, всякое большое дело начинается трудно. Когда-то не хотели переезжать из Москвы в Петербург, а затем обратно. Трудно давались переезды в Кызылорду, затем в Алматы. Теперь вот Астана. Время все расставляет по местам.

Новый 1998 год республика встречала с новой столицей. И это стало началом нового, огромного по масштабам и неслыханного по срокам проекта наступавшего века. Видимо, жизнь будет опережать планы. Создается впечатление, что людей сюда притягивает особая энергетика пространства и созидания, романтики и воплощения мечты.

Ты поклонись
Земле Своих Отцов.
Её красе
Такой неприхотливой:
Безлюдью и безтравью солонцов,
Над речками заснувшими сладко ивам,
Её полям,
Просёлкам и лесами,
Её закатам
Долгим багряным.
Ты поклонись...
И предков голоса
Вдруг зазвучат светло и первоначально.
И чувство родины в груди твоей взойдет,
Как солнце всходит широко и мудро,

Всё мелкое истает, отпадет,
Все-все, что самому подсудно.
Ты поклонись
Земле Своих Отцов,
Коснись душой остывшей усталой,
Вглядись в тобой забытое лицо –
Её любить давно пора настала.

Ағылып Атыраудан, Алатаудан,
Көш қонды Қараөткеге таласа ауған.
Жайнайды астана ару алқасындай.
Ғажайып ғимараттар жаңа салған.

Сарыарка сауырында,
Ерке есіл бауырында,
Келеді бой көтеріп арман қала.
Арман қала.
Асыл дала.
Жаңа Астана! Өз Астана! Астана!

Төріне туған жердің туын тігіп,
Ерекше ел еңсесі бүгін биік.
Астана – ақ ордасы қазағымның
Алтын тәж ақ маңдайға қонған сүйіп.

**Қалиева Назым,
№ 5 орта мектебінің 10 сынып оқушысы**

Отанымыздың жүрегі, тәуелсіз Қазақстанның жаңа Елордасы - Астана қаласы. 1997 жылғы 20 қазанда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен Ақмола қаласы елдің Астанасы болып жарияланды. Президентіміздің Жарлығы шыққаннан кейін-ақ әлемге жар салып, Азаттық биігіне қуаныштың көк туы қадалды. «Бұл жерде енді Отанымыздың жүрегі соғады» - деген еді Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев ерекше толқып тұрып. Елбасының дұрыс шешімі іс жүзінде жүзеге асқанына Қазақстан халқы куә еді. Тәуелсіз Қазақстанның жетістіктері еліміздің тұңғыш Президенті Н.Назарбаевтың есімімен байланысты.

Бүгінгі атқарылып жатқан игілікті істер, ұйымдастырушының күн-түн қатып, жанын жеп атқарған ұлан-ғайыр жұмыстары, жігерлі, өткір, білімді басшыны еліне тез арада танытты.

«Жасыратыны жоқ, кейде мен де іштей ойланамын, түн ұйқымды төрт бөліп ұйықтамай шығар түндерім болады. Сондағы бар ойлайтыным - елімнің болашағы» - дейді Елбасы Н. Назарбаев. Тәуелсіз Отанымыздың көк жүзімен астасқан көк байрағы астында Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болуы, ардақты

ана тіліміздің мәртебе алуы, Семей атом полигонының жабылуы, көп ұлтты халықты бір тудың астына ұстауы, Елорда болып Астананың бой көтеруі, Елбасының жыл сайынғы халыққа Жолдауы, 14 мың шақырымнан асатын шекарамызды болашақта ешкім, еш ел дауласпайтындай етіп құжаттармен белгілеуі, біз үшін қам жеп, біздің ертеңімізді ойлауы - бәрі-бәрі Елбасының арқасы. Президент сайлауынан соңғы ұлықтау рәсімінде Елбасының қасиетті көк байрағымызды қолымен аялай уысына алып, сүйген сәті, жаңа Әнұранның асқақтай шырқалуы менің де кеудеме мақтаныш сезімін кернеткен еді. Өзім Қазақстандай елде тұрғанымға қуандым. Рухты ән жігеріме жігер, тегеурініме тегеурін қосты.

Елордамыз Астана жылдан-жылға зор қарқынмен дамып, өркендеп келеді. Тәуелсіз қазақ елінің желбіреген көк туы Елорда көгінде қалықтауда. Астана көркі-зәулім «Бәйтерек» Елорда төрінде бой көтерді. Оны мәңгілік мұнарасы деп те атайды. Мәңгілік өмірді жер жаһанға жария етіп тұрған «Бәйтерек» - бас қаламның символы. Егемен мемлекетіміздің бойтұмары. Ел мақтанышы.

Қаланың қараса көз тоймайтын жерлері көп. Елбасының ұсынысымен «Орбита» ықшамауданындағы «Отан Ана», «Азия барысы», «Көк бөрі» композициялары өнер туындылары, мәдени орындар, театрлар, кітапханалар, «Қиял әлемі» ойын-сауық паркі, «Думан» мұхит әлемі паркі, Еуразия университетінің спорт кешені, «Алатау» спорт сарайы-бәрі-бәрі көз тартады.

Бүгінгі Астана-сұлу да салтанатты, сәнді де сәулетті қала деген ұғымға лайық.

“Ата-баба мықты еді ғой, мықты еді, ұрпағы одан да мықтырақ болу керек”, - деп Қадыр аға айтқандай, Астана Қазақстанның елордасы ғана емес, ол ұлттың сырын, бары мен нәрін бойына жинаған аманат ордасы.

Қазіргі Астана қазақ халқының рухын көтерген жаңа заманға лайық айбынды қалаға айналды. Есіл өзенінің сол жағалауында көркі мен сәулеті жарасқан кешендер, сарайлар, тұрғын үйлер бой көтерді. Оларды көрген сайын қазақ баласының кеудесінде мақтаныш сезімі пайда болады. Астанадағы ғажайып ғимараттар арасында Ақорда сарайы асқақ келбетімен ерекше көзге түседі.

Ақорда–Қазақстан Республикасы Президентінің резиденциясы. Онда Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев жұмыс істейді. Мемлекеттік маңызы бар тарихи шешімдер осы алып зәулім сарайда қабылданады. Жоғары деңгейдегі кездесулер мен салтанатты шаралар өтеді.

Ақорда сарайының ашылу салтанатына қатысқан Әбіш Кекілбайұлы, Мырзатай Жолдасбеков, Ақселеу Сейдімбек сынды ардақты ағалар: «Ақордамыздың іші құтты болсын, ынтымақ пен бейбітшілік ордасына айналсын!», – деп ақ баталарын беріп еді.

Астана ажарына айналған Ақорда сарайы азат еліміздің айбынды нышаны болып асқақтап тұр. Оның келісті кескін-келбеті, сән-салтанаты кемел келешегіміздің бейнесіндей.

Қазақтың белгілі ақыны Сұлтан Қалиұлы атамыз:

“Астанадан тарайды нұрдың бәрі,
Қадам бассаң, қарсы алар символдары.
Тарихың да, салт-дәстүр, өнерің де-

Символдарда Астана – бұлбұл бағы.

Араласаң-асылдың нелер кені,
Елестейді осында –ел ертеңі.
Оқығандай боласың том-том кітап,
Ұшан-теңіз білімге кенелтеді”, - деп

жырлағандай Астана – символдар қаласы екендігі бәрімізге айтпаса да, мәлім нәрсе. «Менің Қазақстаным!» Осы бір сөзді кім-кімде болсын ерекше бір әсермен, терең толғаныспен, бар ниетімен айтатын секілді. Шындығында, осы сөздің астарына тереңнен көз жүгіртсек, осы бір- екі-ақ ауыз сөзге қасиет те, құдірет те бәрі-бәрі сыйып тұр емес пе? Себебі - менің елім ең қуатты, ең байтақ, ең қасиетті ел. Олай дейтінім, еліміз тәуелсіздігіне күні кеше ғана қол жеткізген, қанатын қақпаған сарыауыз балапан секілді жаңа-жаңа қанаттанып келе жатса да, ешқандай мемлекеттен кем түспейді.

Елімнің ұлан-байтақ жері, көз тұндырар табиғаты, сылдырап аққан өзен-сулары, жайқалған жасыл желегі мен жан-жануарлары, жер астындағы барлық пайдалы қазбалары, – бәрі-бәрі мен үшін өте қымбат.

Қазақстан экономикалық, әлеуметтік-саяси демократиялық тұрғыдан жедел даму жолына түсті және де ол тек бұрынғы кеңестік аясында ғана емес, сонымен бірге әлемдегі қарқынды дамып келе жатқан елдердің бірі саналады.

Әрине, мұндай жетістік өздігінен келе қойған жоқ, оған қоғамдағы азаматтық тұрақтылықты сақтауға, оның тиімді тұтқаларын жасауға орай бағытты дұрыс таңдап алудың арқасында қол жеткізілді. Осындай тарихи міндеттерді шешуде біздің көп ұлтты республикамыздың бірінші Президенті Н.Ә. Назарбаев басты рөл атқарды. Кеңес Одағы ыдыраған кезде Н.Ә. Назарбаев батыл да білікті қадамдар жасай білді. Н.Ә. Назарбаев жасампаздық саясатты таңдап алды, халық пен мемлекет билігі бірлігінің, Конституцияның, адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының беріктігінің символы және кепілі болды.

Мемлекет басшысы - интернационалдықты берік ұстанатын адам. Оның жеке қадір-қасиеттерінің, кең дүниетанымының арқасында әр алуан этникалық топтардың адамдары біздің тарихымыздың ең бір қиын-қыстау кезеңінде оған үлкен сеніммен қарады және байырғы қазақ жерінде мемлекеттікті дамытудың бірден-бір қолайлы жолы ретіндегі егеменді мемлекетті құрудың ең үздік принциптерін қабылдады, бұл орайда бейбітшілік сүйетін қоғамда бостандықтың, теңдіктің және келісімнің идеалдарын ұстануды бірінші кезекке қойды.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан жағдайында азаматтық қоғамның сапалы жаңа моделін құру мүмкіндігін іс жүзінде дәлелдеп берді, онда көп мәдениетті нысан терең демократиялық мазмұнмен үйлесімді түрде астасатындығын көрсетті. Әлемдік тарихтың мұндай қазақстандық феноменін толықтай ізгілік тұрғысынан бағалау алдағы күннің еншісінде. Бұл орайда Президентіміздің Қазақстан халқының алдында ғана емес, сонымен қатар жаһандық ауқымдағы сіңірген орасан зор еңбегі ерекше атауға тұрарлық. Тәуелсіздік жылдары айтарлықтай қол жеткен нәтижелердің қатарына республикадағы сыртқа көшу процесін тоқтатуды жатқызуға болады. Егер бұрын адамдар елден негізінен

экономикалық себептер бойынша кеткен болса енді эмигранттардың мыңдаған отбасылары Қазақстанды өзінің Отаны, сенімді де қолайлы үйі көріп оған қайта оралуда. Бұл орайда біздің Президентіміздің ұстанған салиқалы саясаты бірден байқалады. Ал оның негізгі арқауы Қазақстан халықтарының достығында жатыр.

Президент әлемдік ағымдарға мұқият назар аударады. Оның іргелі еңбектерінің қатарына жататындар: «XXI ғасырдың табалдырығында», «Нарық және әлеуметтік-экономикалық даму», «Қоғамды өзгерту стратегиясы және Еуразиялық өркениеттің қайта өрлеуі», «Бейбітшілік эпицентрі», «Еуразия жүрегінде» тәрізді кітаптары мен басқа да ғылыми жұмыстары әлемнің көптеген елдерінде кеңінен қолдауға ие болды.

2006 жылдың 11-ші қаңтары күні Астанадағы Ақорда сарайында бүкілхалықтық сайлауда тәуелсіздік туымызды желбіреткеннен бергі аз ғана жылдар ішінде елімізді ерен жетістіктерге жеткізгені үшін халқымыздың ризашылығына бөленіп, өте көп дауыс жинап жеңіске жеткен Президентіміз Н.Ә. Назарбаевты ұлықтау рәсімін мен көгілдір экраннан тамашаладым. Салтанатты шараға әлемнің 70-тен астам елінен келген мемлекет басшылары мен көрнекті қоғам қайраткерлері қатысты. Ұлықтау рәсімінің мерейлі де, әсерлі сәті әсіресе, Елбасымыз бір тізерлеп тұрып қасиетті көк байрағымызды қос қолымен аялай уысына алып, емірене сүйген сәтте, жаңа Әнұранымыз асқақтай шырқалған сәтте арқаланып, кеудемізді мақтаныш сезімі кернеді.

Алда жаңа асулар күтіп тұр. Елі сенім артқан Елбасымыз елімізді талай асулардан да зор жетістіктерімен алып өтетініне мен кәміл сенемін. Дағдарысқа қарамай еліміздің экономикасы бәсеңдеп кеткен жоқ. Қайта, Елбасымыз халықтың жағдайын күннен-күнге жақсартып келеді. 2008 жылғы Бейжің олимпиадасында қазақстандық жанкүйерлер қатарында Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев болғанын білеміз. Осы кезде мемлекет басшысы Олимпия қалашығында болып, қазақстандық олимпиадашылармен кездесті.

“Мен сендерге мұнда жанкүйер болу үшін, сендер біздің қолдауымызды, бүкіл Қазақстан халқының қолдауын сезінулерің үшін келдім. Сендердің Олимпиадада лайықты өнер көрсететіндеріңе сенімдімін”, - деді Президент. Нұрсұлтан Әбішұлы қайда жүрсе де, оның тағдыры адамдармен байланысты, әркез ол үшін адамдардың, отандастарының пікірі үлкен маңызға ие болды. Ол әрқашанда өзінің шыққан тегін, атамекенін ұмытқан емес, ұмытпайды да, өйткені, баурайынан мөлдір бұлақ аққан, көк аспаны ашық, Алатау бөктерінде осындай ұлды қанаттандырған ата-бабасының зираты жатыр. Н.Назарбаев туралы оның бала жастан досы болған қазақстандық балқар Юсуп Беккаев былай деген еді: «Ол бала кезінен лидер, үлкендерді сыйлайтын, сенімді дос болды».

Президент болу және қазіргідей ауыр жүкті көтере білу міндеті жеңіл емес. Жұмыс істеу керек, әрі көп жұмыс істеу керек! Ал қалай көп жұмыс істеу керектігін Президент өзінің күн сайынғы атқарған ісімен дәлелдеуде.

Мемлекетіміздің әлемдік деңгейдегі абырой-беделін біздің Президент туралы 2004 жылы желтоқсанда жарық көрген «XXI ғасыр: әлемдік элита Н.Ә. Назарбаев туралы өз ойларын білдірген. Қазақстанды басқарушы өзгелерге

ұқсамайтын, жоғары зияткерлік деңгейлі, адамды сендіре алатын, болашақты болжай алатын, шахмат тақтасындағыдай саяси, экономикалық, әлеуметтік кез келген жүрістер жасау шеберлігін меңгерген тұлға болып табылады. Н.Назарбаевтың саяси саладағы қол жеткен жетістігіне келер болсақ, ол ең алдымен өзінің ұзақ жылдар бойғы жұмыс барысында аса мән беру арқылы қалыптасқан дағдысына байланысты. Нұрсұлтан Әбішұлы әрқашанда мәселелерді шешуге көмектесетін ахуалдар мен пайдалы идеяларды талдау арқылы қатаң нақтылыққа жүгінеді. Ол сынау үшін жасалған сынды мойындамайды. Оның әр түрлі нысандағы сөйлеген сөздерін жұртшылық асыға күтеді, және олар өздерінің күткен сөздерін естиді.

Келісті келген сыртқы түрі, өткір де ойлы көзқарасы, сөз тапқырлығы, идеясы, өзгені тыңдай білуі-оның қанына сіңген табиғи асыл қасиеттері.

АҚШ-тың аты аңызға айналған бұрынғы мемлекеттік хатшысы Генри Киссинджер 2005 жылы 15 қазанда Астанаға сапармен келіп, Н.Ә. Назарбаевпен кездесті. Кездесу барысында американдық қонақ тәуелсіз Қазақстанның қол жеткен жетістіктері туралы жоғары баға берді. Әлемдегі талай астаналарды көрген АҚШ-тың бұрынғы мемлекеттік хатшысы Астанамен танысқанда өзінің таңғалысын жасыра алмай, қазақстандық астананың басқаға ұқсамайтын ерекшелігін атап көрсетті. Ол астана болғанына он жылға жетер жетпес уақыт ішінде өзіндік келбеті қалыптасып, нақты айшықты түрге енгені туралы пікірін білдірді. Американдық қонақ астананың мәселесін талқылаумен бірге бүкіл азиялық Қазақстанның экономикалық дамудағы рөлін және оның лаңкестікпен күрестігі, сондай-ақ әлемдегі адамдардың өмірін жақсартудағы рөлін жоғары бағалады, бұл орайда Қазақстан Республикасы Президентінің ерекше рөл атқарғанын атап көрсетті. Генри Киссинджер кездесудің қорытындысында Нұрсұлтан Назарбаевты беделді халықаралық сыйлықты алуымен құттықтады. Никсонның Бүкіләлемдік орталығы біздің Елбасымызды «2005 жылдың адамы» деп таныды. Президент өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында алда тұрған міндеттерді нақты қойып, қандай асуларды алу керектігін айқын көрсетіп берді, қол жеткен жетістікпен тоқтап қоймай, өзіміздің болашағымызды және біздің келешек жастарымызды қандай болу керек десек, соған орай өмірлік ұстанымды парасатты түрде айқындау керектігіне назар аудартты.

Қазақстан Республикасының Президенті туралы өзінің елінде де, сондай-ақ әлемнің басқа жерлерінде де жақсы жағынан айтылып келеді, оның атқарған істерінің, әсіресе, біздің еліміздегі ғана емес барлық халықтардың бейбіт өмір сүруіне орай тындырған жұмыстарының мән-маңызын сезінбеу мүмкін емес, сондықтан да «Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев - менің Президентім!» деп зор сеніммен әрі мақтаныш сезіммен айта аламын.

Құмарова Адлия,
дарынды балаларға арналған «Восток» мектеп-кешен орталығының
10 сынып оқушысы

Мен үшін елімді дамыған

елдердің сапына тұрғызып,
санатына қосудан үлкен
мақсат жоқ
Н. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесінің салтанатты мәжілісінде Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев халықтың алдында ант берді. Тарихтың шежіресіне «10 желтоқсан 1991 жыл» дегеннен кейін осылай бір ғана жол болып түсер бұл оқиғаның біз үшін жөні мүлдем ерекше. Алғаш бүкіл халық сайлаған Президент.

Ақ киізге отырғызып, Хан көтеру халқымыздың ежелгі тарихында бар еді. Бірақ, одан бері қаншама су ақты, қаншама ұрпақ ауысты. Алдымен, отаршылар хан мәртебесін қазақтың дербестігі ретінде санап, оны жоқ етті. Хан – елдіктің ең жоғарғы қызметі болса, сол қызметті жою арқылы біздің елдіміздігін жойды. Хан көтеру – тұтастықты, бірлікті, бір уәдеден табылуды анық көрсететін дәстүр еді.

Хандық ұмытылған соң, тәуелсіздік те ұмытылады. Бірде «шеткі аймақ», бірде «қазақ өлкесі», енді бірде «одақтас республика» атанып, бодан да болып, шылауда қала бердік. Енді еңсе көтерген шақта өз ортамыздан шыққан Президентті салтанатты түрде антқа келтіріп жатсақ, біздің бодандық қамытын серпіп, бостандық туын көтеріп жатқанымыздың белгісі емес пе? Ендеше, қалайша қуанбассың, қалайша шаттанбассың!

Кезінде еңсесі биік ел болған, қырық күндік жерден елшілер хабар жіберетін ордасында хан отырған, сол елдің елдігін сақтар ұлдары атқа қонған қазақтың қалың, депутат Қадыр Мырзалиевше айтсақ «оқулығы жұп- жұқа» тарихына қарасақ, бізде де антқа келтіру дәстүрі болғанға ұқсайды. Бозқасқа шалған соң, оның қанына саусағын малып, бәрі де ант берген. Елге, жерге, адалдықты танытқан. «Уәде- құдай аты» дейтін халық үшін анттың жөні мүлде бөлек. Ант- аксиома. Антты бұзғанды адамға есептемеген. Ендеше, сөзді қадір тұтқан, сөзге тоқтап, сөзді сыйлаған халық үшін анттан жоғары тұратын сөз болмақ емес.

Халық болса »Қазақстан» атты ұлы кеменің тағдырын бір ғана Назарбаевқа сеніп беретінін байқатты. Қазақстандықтар түгел дерлік Нұрсұлтан Назарбаевқа дауыс беру арқылы оның саясатын қолдайтынын, оның қайраткерлігін құп көретінін мәлімдеді.

Қазақстанға тұтқа, қалқан, қорған кім бола алмақ? Президент. Онда да тек Президент Назарбаев. Қазақстанның іргесін бекітіп, шаңырағын биіктету аумалы- төкпелі шақта Нұрсұлтан Назарбаевтың ғана қолынан келмек. Оның қолына бүкіл халықтың мандатын ұстату- істе бекем, сөзде берік болуына кепілдік береді. Кіммен сөйлеспесін, қандай мінбеге шықпасын, нендей шешім қабылдамасын енді «Мен Қазақстанның бүкіл халық сайлаған Президентімін» деп мәлімдей алады. Абырой болғанда үлгеріппіз.

Қазақстан бұрынғы одақтың бұғау- қамалын ысырып, әлемдік қатынастарға ұмтылып келеді. Басқа дүние, әсіресе, Батыс жағы Қазақстан деген ел барын

біліп жатыр. Қалай десек те, Нұрсұлтан Назарбаевты президент етіп сайлау бізді демократия даңғылына жақындата түсті.

Бұл шынында да асқарбас айтатын сәт еді. Талай рет туы тігіліп, талай рет қайта қисайған, талай мемлекеттің құрамында болып, талай тұста мемлекетсіз қалған көне де, жаңа қазақ ұлысы қайтадан әлемдік дүбірге қосылып отыр. Жаңа мемлекет өзінің бүкіл халық сайлаған Президентінің қолына мандат тапсырып жатса, бұл енді қайтадан әлемдік дүбірге, додаға қосыламын деген талпынысы.

Президент алда қиындықтар көптігін айтты. Сол қиындықтардан абыроймен шығу үшін алдымен татулық, бірлік керектігін айтты. «Мені сайласандар, енді жұмақ орнатамын» демеді. Тек, бірлескен жағдайда, бір мүдде тұсында тоғысқан кезде ғана қазіргіден жақсы, әлемдік деңгейдегі қоғам құра алатынымызды ауызға алды. Экономикада түбегейлі өзгеріс керек. Бірақ, оны бұған дейінгі толық қиратып барып, жүзеге асырам деу бос әуре. «Оның бәрін біз бастан кешірдік»-, деген Президент. Кешегі революцияның өзіне дейінгі тас- талқан қиратқаны, бүкіл материалдық және моральдық байлықтарды ысырып тастағаны ақыры береке берген жоқ. Біртіндеп ең кедей елге, ең жоқ – көп елге айналып шыға бердік.

«Ел көшін басту - маған сын, мені қоштау- елге сын»,- деді Президент.

Қалалардың да адамдар сияқты өз тағдыры болады. Астананы тек мемлекет басшылары ғана құрмайды, астана да ел басшылығын қалыптастырады. Астана келбеті- ұлт келбеті. Жаңа астаның қаласы да, адамдардың санасы да жаңа болсын. Астана- Отанымыздың жүрегі, тәуелсіздігіміздің тірегі. Астананың абыройы- қазақ руханиятының абыройы. Жаңа Астана- ежелгі қазақ жерінің төрі. Жаңа Астана- тәуелсіз Қазақстан үшін жарқын келешектің нышаны. Тарихымыздың жалғасы, өміршең істеріміздің арнасы бұдан былай да жаңа Астанада жалғасын таба беруі тиіс.

Астана бұрын Қараөткел, Ақмола, Целиноград деп аталған. Қала Қазақстанның солтүстік жағында орналасқан, сондықтан қысы суық, аязды, боранды, жауын- шашынды болады. Астана өсіп келе жатқан қала. Қазір Астана Қазақстан Республикасының астанасы.

Бұрынғы Ақмола қаласы 1953 жылдан бастап, Қазақстан жерінде тыңның көтерілуіне байланысты «Целиноград» деп аталған еді. 1995 жылдан бастап, «Ақмола» атын қайтып алды. 1998 жылдың жазынан бастап Қазақстан Президентінің жарлығымен «Астана» деген атқа ие болды. Мұнда жүзден астам ұлт өкілдері тату-тыныштықта өмір сүреді. Жаңа Астанада көптеген ғимараттар салынып жатыр. Ақын Сәкен Сейфуллиннің мұражайы, ескерткіші бар. Көрнекі көшелердің біріне Төле, Әйтеке, Қазбек билердің ескерткіштері орнатылды. Қалада қырық шақты орта мектептер, колледж- лицейлер, дәрігерлік институт тағы басқа оқу орындары бар. Ақмолаға келген қонақтарды «Турист», «Ақмола», «Есіл» қонақ үйлері қарсы алады. «Голдан» қазақ- түрік фирмасы жұмысшыларының күшімен «Астана» қонақ үйі салынды. Бұл қала нағыз ғылымның, мәдениеттің қаласы болады. Астананы Қазақстанның басқа қалаларымен және шетелдермен қатыстыратын темір. әуе жолдары бар.

Астана- мемлекет дидары, халық мерейі. Күллі әлем атын енді жаттай бастаған жаңа Астана біздің жас мемлекетімізге деген назарды арттыра түсері сөзсіз. Оның біз жетпек биіктердей өрелі, біз орнатпақ қоғамдай тартымды болып көркейіп өсуі жолында күш-жігерді аямаймыз. Біздің жаңа Астананы, жаңа Астананың бізді ұятқа қалдырмайтынына нық сенімдіміз.

**Мордовская Дарья,
дарынды балаларға арналған «Восток» мектеп-кешен орталығының
8 сынып оқушысы**

«Өркендеу - өркениет жолы» бұрынғы Ақмола, бүгінгі Астана болып өзгеруі еліміздің экономикалық дамуына үлкен әсерін тигізді. Осы кезге дейін бұл қала шағын облыс орталығы болса, енді бас қалаға айналуына байланысты Астана әлем назарына ілікті. Осы Астананы көркейту мақсатына 14,3 миллиард теңге жұмсалды. Ал мұндай қаражат бұл қалаға бұрын соңды бөлінбеген.

Бір – екі жылда «Мәскеу тұрғызылды» деуге болмайды. Бірақ тарихи орындар, ғимараттар әлемдік стандартта салынғаны сонымен қатар қалаға көрік беріп, халыққа қызмет ететін тамаша құрылыстар бой көтерген. Мысалы, түрік қандастарымыздың «Окан-Холдинг» компаниясы салған «Алатау-интерконтиненталь» бес жұлдызды 25 қабатты мейманханасы «Аксель» атты фирмасының «Есіл» тұрғын үй кешені де...

Астананың тұсау кесер тойы тек қана көңіл көтеру емес, есеп беретін кезең. Астананың Қажымұхан Мұңайтпасұлы атындағы орталық стадионды, салтанатты мәжіліс өтетін Республика сарайын, орталық алаңды, Есіл өзенінің жағалауын, үлкен көпірді, қаланың көше, даңғылы, тұрғын үй, ғимараттарды 1998 жылдың маусымына тұсау кесер тойға тарту етті.

Астананың жетістіктері: бұрын тоқтап тұрған көптеген өндіріс орындары қайта іске қосылды. Олардың көбі жаңа технологияға негізделіпті. Мысалға тас өңдейтін «Астана-гранит» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі италияндық жаңа жабдықтарды өндіріске енгізу нәтижесінде үлкен көлемді гранит плиталарын шығара бастады. Сонымен қатар «Цесна-Астық», «Фудмастер», «Апрель», «Уфик» ЖШС. Бұл кәсіпорынның өнімдері сапалығымен ерекше. Ал қазір Есіл өзенінің сол жағалауындағы арнайы экономикалық аймақта жұмыстары жүріп жатыр. Ол Астананың әсем келбетін күллі әлемге тағы бір танытатыны айдай анық.

Астана АЭА-ның (арнайы экономикалық аймағының) жұмыс істеуіне байланысты сыртқы экономикалық қызмет жүйесі жандана түсті. Экспорт-импорттық операциялар көлемі үстіміздегі жылдың 4 айында 104 млн. долларға көтерілді. Негізгі экспорт алушылар қатарында Ресей, Қырғызстан, Тәжікстан, Украина, т.б. ТМД елдері бар. Шетелге экспортқа негізінен астық, ұн, жарма өнімдері мен машина жасау жабдықтары шығарылады.

Астана байланыс, телекоммуникация саласында да айтарлықтай жаңалық еңгізді.

Астана қаласы Ел Ордасы болуына орай, әрі оның болашатағы экономикалық дамуына жағдай жасау мақсатымен 1998 жылы 6 мамырында ел

президенті Н.Ә.Назарбаевтың жарлығымен «Сарыарқа» және «Алматы» атты екі ауданға бөлінді.

Елдің біртұтастығы мығым болса, іске аспайтын жоспар болмайды. ХХІ ғасырда Ел Ордасы Астанамыз әлемдік деңгейге жетіп, ал Қазақстан мемлекет экономикасы дамыған рухани байлыққа да, табиғи байлыққа да кенелген.

Бүгінгінің мәселелерін шешу, қиындықтардан шығу талай елдің, талай ердің қолынан келер. Ал мемлекеттің болашағына, ұлттың тағдырына қатысты түйінді мәселені мына заманда шешу – елдің елінің, ердің ғана қолынан келеді. Бұған тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың болмыс-бітімі жарқын айғақ. Елбасымыз «Өз елім менің - өзегім менің» – дейтін халқымыздың қалаулы Азаматы.

Мұқашева Әйгерім, дарынды балаларға арналған «Восток» мектеп-кешен орталығының 9 сынып оқушысы

Біздің мемлекетіміз талай қиын қыстау заман мен тарихи сыннан өтті. Қырғынды да, азап – мекнатты да, қуғын – сүргінді де, қорлық – зомбылықты да басынан аз кешпеген жұрт ендігі жерде аңсап жеткен тәуелсіздіктің баянды болғанын қалайды, нәтижесін көргісі келеді.

Қазақ халқының елдік дәстүрінде ханды өлтіріп хан сайламаған. Ханды даттамаған, ханының соңынан жаман сөз ілестірмеген. Қазақ ханды ақ болсын, халқына жақ болсын деп, ақ киізге көтерген, хан тұсында қан шашылмасын деп ақсарыбас шалған. Тұңғыш Президент сайланғанда ата салтымен біз де ақсарыбас шалған едік. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ақ киіздің үстіне тұрып ант берген еді. Құдайға мың да бір шүкір, жаман болғанымыз жоқ. Қазақ халқының дәурені тәуелсіздігімізбен қайта оралғанда, қазаққа бақыт қайта қонғанда, тарих бізге тағы да үміт артып отырғанда әлі де жетіліп үлгермеген «адам құқығы», «ашық қоғам», сөз бостандығы», «демократия» дейтін ұрандарды алаулатып-жалаулатып, біртұтас халқымызды ара-дара етіп алмауды, демократия – анархияға, сөз бостандығын-бассыздыққа, пікірдің әр алуандығын жікшілдікке айналдырып алмауы мықтап ойланғанымыз жөн.

Бізді сырттан келіп ешкім жарылқамайды, жарылқаса қазақты қазақ қана жарылқайды. Біз енді Тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін өмір сүруіміз керек. Ел қамы, халық тағдыры үшін пейішке де, тозаққа да бірге кіруге тиіспіз. Ұлы даланың рухы бізді бүгін осыған шақырып отыр.

Астана қаласы – Қазақстан Республикасының астанасы (10 желтоқсан 1997 жыл.). Сонау бір қиын-қыстау кезеңдегі Елбасының тарихи ерлігінің, табандылығының, азаматтығының жарқын айғағындай болып, Есіл өзенінің бойында сәулет өнерінің соңғы үлгісімен бой көтерген, әсем ғимараттары сән түзеген.

Ақ Ордамыз Астананы бүкіл әлемге Астана деп жариялауы 10 маусым 1998 жылы болды. Астана күнін – мемлекетіміздің мерекесі. Қазіргі таңда Астана – үлкен қала, аумағы жағынан 200 ш.м. жерді алып жатыр. ЮНЕСКО-ның 1999 жылғы шешімі бойынша Астана – Әлем қаласы деген атақ алды.

Мәдениетіне оралатын болсақ конгресс-холл, Жастар сарайы және Президенттік Мәдени Орталығы бар. “Бәйтерек” монументі – қаланың басқы символы іспеттес. Ақ Орда – Президентіміз игі істер атқару мекемесі. Тәуелсіздік Сарайы – дипломатиялық және де халықаралық мерейтойларды өткізетін ғимараттар.

Әркімнің билікке бар таласы дегендей, Ата заңымыздың талабына сай Қазақстан Республикасының кез келген азаматы президенттікке үміткер бола алады. Елбасының киелі тағы-табанын тіреп Отан алдында ант бере алатын сөзінде тұратын, елін мұратына жеткізетін және мұратына жеткізу жолдарын қапысыз меңгерген, халқының бақытына туған, қалың елдің тірегі, білегі, жүрегі бола алатын, елім-жұртым деп көкірегі қарс айырылатын біртуар Азаматқа ғана бұйыратын орын. Сондықтан ешкім тағдыр тізгінің көрінгеннің қолына ұстатқысы келмейді, елінің жанын ұғатын, жалпыға пана болатын, халқын замана көпірінен аман өткізетін қайраткерге ұстатқысы келеді.

Елімізге дарынды ұйымдастырушы, көсем қайраткер, көреген басшы, табанды саясаткер, батыр тұлға керек болса, бәріміз білетін Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев дәл сондай адам.

Нұрсұлтан Әбішұлының бойында Елбасына тән қасиеттер өте көп: төселген саясаткер, нарықтық экономиканың білгірі: аңқылдаған ақ көңіл, жұртқа сөзі өтімді «өз елім менің - өзегім менің» дейтін Азамат.

ТМД елдерінің аясында Қазақстанның мерей – мәртебесін көтерген Елбасы тәуелсіздікті тәу ететін, шынайы демократияға ұмтылған, ұлтаралық түсіністікпен достықты өмір салты еткен, болашағына сеніммен қадам басқан қазақстандықтардың символына айнала білді.

Тәуелсіздікке жаңа қол жеткізіп, жаһандық дамудың ұлы дүбіріне қосылған Қазақстан сияқты жас мемлекет үшін қазіргі ахуалда абай болудың мән-маңызы айрықша.

Бұған тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмірі мен болмыс-бітімі жарқын айғақ. Елбасымыздың жары Сара Алпысқызы қайырымдылық қорының басшысы. Отбасында үш қыз тәрбиелеген өр тұлғалы әке, бес немересіне ақылша ата болып отыр. Назарбаев арман қуған тұлға. Арман қуатыны – Назарбаевтың бүгінгідей күрделі кезеңде алдағы асуларға құлаш ұрып жүргенін, алаш азаматының арманын аласартпағанын білеміз.

Елбасын мақтағанымыз – Елбасымыз үшін мақтанғанымыз. Елбасымыз үшін мақтанғанымыз, елдігіміз үшін мақтанғанымыз. Бұл мақтаныш – ұлттық мақтаныш.

Қазақтың құлан жортса тұяғы тозатын, қыран ұшса қанаты талатын ұлан-ғайыр даласы бар. Ата-бабаларымыз ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап қалған соншама алып кеңістікте мемлекет құру қиынның қиыны. Әсіресе, мынадай дүбірлі дүниеде бір кезде жығылған орданы қайта тігу, құлаған туды қайта тіктеу елдің елінің ғана қолынан келеді. Ондай елді басқару да ердің ерінің ғана қолынан келеді. ондай ел де бар бізде, ондай ер де бар бізде. Ол елдің аты – Қазақстан. Ол ердің аты – Нұрсұлтан.

Жасай берсін Ел мен Ер!
Алдынан ақ таңы ата берсін Азаматтың!

Нестеренко Юлия
частная бизнес-школа «Бриг», ученица 9 класса

Астана – политический центр Республики, президент – глава всего государства. Все эти понятия выходят из одного обобщающего слова, звучащего из уст величественно и высоко - Родина... Сложно описать, какие чувства бушуют в моей душе при слове Отчизна. Описать сложно, но вполне возможно, именно поэтому у меня появилось невероятное желание вновь написать на тему родины, поговорить о вечном и важнейшем в жизни каждого гражданина своей страны.

Человек с рождения знакомится с историей и культурой своей страны. Любовь к родине зарождается постепенно. Всем известна пословица: «Родина начинается с семьи». Любовь к матери, к семье, к родному дому, к малой родине - так зарождается любовь к Отчизне. Жизнь человека тесно связана с родиной, с местом, где он родился. «В этом мире у нас есть лишь одна Родина. Это – Казахстан!». Эти слова Президента мы, молодое поколение, будущее Казахстана, помним всегда, ведь кому, как не нам, строить, поднимать, развивать нашу страну, укреплять мир и дружбу между народами. На первых выборах Президента Республики Казахстан в 1991 году одержал победу Н. А. Назарбаев, человек, чье имя на века вошло в историю государства, как честного, действенного, благородного деятеля. Он в ответе за 16 миллионов человек, за их судьбы, блага, за их светлое будущее. Н. А. Назарбаев стал той самой движущей силой, приведшей страну к динамичному развитию. Планы, перспективы, проекты – все это движет нацией, все это идет неотделимо от имени нашего Президента, ведь он старается продвинуть Казахстан на новый путь развития, достойный уровень. И даже сейчас, в сложное для Казахстана время, Нурсултан Назарбаев призывает всех казахстанцев, то есть нас с вами, не останавливаться и осуществить новый план дальнейшей модернизации экономики и реализации стратегии занятости для обеспечения посткризисного развития страны.

Нельзя не упомянуть программу «Казахстан-2030», а также план развития, в ходе которого государство должно войти в 50 наиболее конкурентно способных стран мира. И у нас получится! Почему? Потому что в основе общественного сознания лежит вера в прогресс человечества, вера в обретение стабильности, вера в процветание и благополучие страны. И это не заоблачные мечты, это вполне реальное и недалекое будущее. Ведь Н. А. Назарбаев делает все, чтобы каждый гражданин нашего большого государства ощущал себя причастным к великой стране, мог реализовать себя в любой сфере и быть уверенным в поддержке своей страны и главы государства. В делах президента - дух закона, а в его словах - буква закона. Стабильность – вот, что обещает и делает наш президент. В основе понятия стабильность лежит не только политическое и экономическое благополучие, но также уверенность в

собственных силах. Помимо глобальных проблем, президент решает массу других задач. Хочется заметить, что процветанием движет духовно-нравственное сознание человечества. Если рассмотреть слово «процветание» с точки зрения морфологии, то корень слова «цвет», явно говорит о цветении, расцветании, оживлении. Что и происходит в нашем государстве во всех его уголках, особенно в центре, в «столице ветров» и столице Республики Казахстан...

Астана – гордость Казахстана, точка объединения всех перспектив. Не случайно Н. А. Назарбаев вкладывает столько сил, средств и идей на развитие столицы. «В самые трудные годы мы начали строить и создали новую столицу страны – Астану, когда никто не верил, что мы сможем это осуществить. Мы это сделали, это видит весь мир. Давайте будем следовать этому хорошему опыту» - сказал Н. А. Назарбаев.

Запись в дневнике от 26.08.2009:

«Я возвращаюсь домой, полная впечатлений и эмоций, с Республиканского учебно-оздоровительного центра «Балдаурен». Наш путь лежит через столицу Республики Казахстан – Астану. Ветер наполняет душу трепетом. Взгляд падает на новые постройки, разработанные известнейшими зарубежными дизайнерами. Я полна гордости! Делаю сотни снимков, запечатлевая на них красоту и невообразимость зданий, центров, домов. Это иной мир, это новый Казахстан, это будущее. Я прибываю в надежде и загадываю желание – вернуться вновь... Казахстан. Как в вольном ветре твоих степей смешались запахи полыни и мёда, так в сердце каждого из твоих сыновей соединились любовь и сила»...

Я полна сил, я готова внести свой вклад в развитие страны.

Очкина Маргарита

**дарынды балалаларға арналған «Восток» мектеп-кешен орталығының
9 сынып оқушысы**

Республика Казахстан. Наша Республика. Сложно передать словами, как казахстанский народ дорожит своей Родиной. Сейчас это независимая страна, успешная, процветающая, богатая. Такое множество природных ресурсов не встретишь нигде на земле! Но она никогда не стала бы такой, если бы не Президент нашей страны - Нурсултан Абишевич Назарбаев. Сколько сил было вложено им для того, чтобы наш народ процветал! Огромны заслуги Президента перед страной! Бесконечное уважение и любовь казахстанский народ посвящает ему. А наша дорогая столица! Астана – центр жизни, главный город, национальное достояние. Она обладает уникальнейшей историей. Жить в прекраснейшей Астане – почет! Вот потому-то мы так любим нашего Президента и великолепную, гордую и независимую Астану.

Но как же Астана стала нашей столицей? Вернемся в 1994 год, в то время, когда все еще только начиналось.... Всем известно, что именно шестого июля 1994 года Верховным Советом Республики Казахстан было принято постановление «О переносе столицы Республики Казахстан». Нурсултан

Абишевич на самом деле долгое время выдвигал убедительные доводы в пользу переноса столицы из Алматы в тогда еще скромный город Акмолу. Он утверждал, что столица непременно должна находиться в центре страны, что плотность населения столицы не позволит в будущем расширять населенный пункт, да и с экологией в городе не все так гладко.

Уже через три года (!) первые поселенцы прибыли в столицу. Именно в 1997 году Астана стала функционировать как главный город Республики Казахстан. Само собой разумеется, переселение важнейших организаций из Алматы в Астану не прошло гладко. Но ничего не бывает просто, и в итоге 10 января 1997 года жители провинциального городка Акмолы проснулись настоящими столичными горожанами. Тогда по всему городу велось строительство новых домов, всевозможных проектов, проходили уже слегка подзабытые «чистые пятницы». Это было только начало развития нашей столицы. Как же она из Акмолы превратилась в Астану? Интересный вопрос. Известно, что Нурсултану Абишевичу долгое время не давал покоя этот вопрос, пока однажды к нему не пришла светлая мысль: Астана. Астана – это так просто и в то же время величественно. Астана - звучит гордо на всех языках мира. Между прочим, Астана в переводе означает – главный город. И вправду, Астана – это самый главный наш город. Другого такого нет, и не будет никогда!

Нашего Президента, Нурсултана Абишевича Назарбаева, любит и уважает весь народ. Молодая страна не знала еще бед и не видела войн, и все благодаря заботе Президента. Он начинал свой путь обычным металлургом, и стал Президентом, стабильным и успешным, уважаемым народом и преуспевающим во всем. На выборах 2005 года за Нурсултана Назарбаева проголосовало практически сто процентов населения Казахстана. А это что-то да значит! Никакому Президенту еще ни один народ не доверял так сильно, как мы доверяем нашему Президенту. Сколько школьников Казахстана прилежно учатся для того, чтобы в дальнейшем пригодится своей родине, служить на благо Отчизне. Богатой и преуспевающей страна стала благодаря Президенту!!!

Что будет впереди, не знает никто. Здесь и сейчас – гласит народная мудрость. Нужно жить сегодняшним днем и не забывать смотреть в будущее, стремясь предугадать хотя бы что-то. Взглянув на нашу страну, можно с уверенностью сказать: нас ждет светлое будущее! Ведь то, во что ты веришь, всегда сбывается. А народ в это верит. Так пусть же никогда не иссякают наши рудники! Пусть на долгом пути страны встречаются всегда только мудрые и заботливые Президенты! И пусть вечно стоит Астана, как знамя успеха и процветания Казахстана!

Тюлюбаева Линара
ученица 11 класса

Тёмная октябрьская ночь. Я стою и жду, когда объявят посадку на автобус. Небольшой озноб своим холодным прикосновением пробежался по телу. Но это не от прохладного ветерка, а от нетерпения. Наконец-то мне представилась возможность побывать в Астане, в городе, который уже давно стал моей

мечтой. Пришло время мечте превратиться в реальность. Я – почти ровесница независимого Казахстана, росла и развивалась точно так же как и моё государство: год за годом, этап за этапом. Больше десяти лет строилась и хорошела наша новая столица, «сердце Евразии» - Астана. Я с огромным интересом знакомилась из СМИ с её новыми достижениями и мечтала только о том, чтобы своими глазами увидеть те столичные приметы, которые до сих пор были моими «путеводителями» при заочном знакомстве с городом. Этим и объясняется мое нетерпение.

Ещё большее волнение я почувствовала, когда в лучах предрассветного утра автобус въехал в столицу. Сначала нас встретил старый город: обычный, просыпающийся, отдохнувший после долгого трудового дня. И тем интереснее было наблюдать его перерождение дальше: с каким нежеланием уходит в прошлое старое, уже отжившее, а на смену ему приходит будущее: светлое, независимое, совершенствующееся. Конечно, у Президента и Правительства были свои критерии для переноса столицы - город расположен на пересечении крупных транспортных магистралей, почти в географическом центре Казахстана, удалена от внешних границ в целях безопасности. Но поразили меня масштабы реализации этих целей. Я с уверенностью теперь могу сказать, что Астана сегодня – это город будущего, ради которого хочется жить и быть полезным людям и государству, приложившим столько сил для строительства новой столицы. В архитектурных ансамблях я увидела отражение всех тех особенностей, которые благотворно сказываются на формировании в людях чувства гражданского долга, любви к Родине, уважении к её традициям и культуре. Особенно напоминают о ценностях жизни взметнувшиеся ввысь металлические конструкции «Байтерека», в центре которых бесконечным сиянием выделяется стеклянный купол, символизирующий Земной шар; зелень парковых зон только добавляет уюта этому прекрасному и мирному городу. Нужно много времени, чтобы ближе познакомиться со столицей; у меня же его, практически, не было. Но даже то, что я успела увидеть, стало ещё одним доказательством масштабности и дальновидности нашего первого Президента, который и явился инициатором идеи переноса столицы. Я помню его слова: «...будущее оставляет нам свои следы через наши ...мечты!» Первая моя мечта сбылась, она же и породила новую мечту: стать нужным казахстанскому обществу гражданином, преданным и гордым, целеустремленным и стойким. Ведь именно от нас, от молодого поколения Казахстана зависит сегодня его процветание и будущее. А от своего Президента мы получаем только огромный потенциал безграничной, самоотверженной любви к родной земле. Пусть живет и процветает Астана, поражая своей силой и являясь источником энергии для плодотворной работы в реализации других проектов будущего.

Я покидаю тебя, город, но в сердце остаётся не только удовлетворенность, но и чувство гордости за мой народ, за моего Президента, за мою землю, имя которой – Казахстан.

Ұқаштегі Ажар

дарынды балаларға арналған «Восток» мектеп-кешен орталығының

9 сынып оқушысы

«Астана...

...Есілдегі астан осындай – біртума сәулеттік ландшафты, бірегей мүсіндемелік рәміздері бар, жоғары технологиялы болашаққа ұмтылған, бір-біріне деген өзара құрмет сезімі, ұлттық қасиет және өз астанасы мен өз елі үшін мақтаныш сезімге тән көп ұлтты, әрі көп конфессиялы халқы бар көркем де бейбіт қала»

Н.Назарбаев

Біздің мемлекетіміздің бас қаласы – Астана. Бүгінде Астананың аты әлемге әйгілі. Бұл өңір – талай тарихи оқиғаларды бастан өткізген қасиетті өлке. Тарихшылардың айтуы бойынша, өткен ғасырларда осы күнгі Астана тұрған орын ғұндардың батыстағы бір ордасы болған.

Сарыарқаның төрінде шаңырағы көтерген сұлу қала Астана жылдан жылға көркейіп келеді. Адам жаңа бір үлкен іс бастаса, оны таза беттен бастағысы келеді. Сондықтан болар, егемен еліміздің жаңа тарихын Президентіміз жаңа астанадан бастады. Табиғаты қатал сары даланың төсінде жатқан Астананы, шөл даланың қақ ортасында құмды жарып шыққан қызғалдаққа теңеймін.

Нұрсұлтан Назарбаев тарихта Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып ғана қалмайды. Ол ең алдымен шежіресінде Қазақстанның бейбітшілігін, ырлігін сақтап қалған елінің сүйікті ұлы болып қалады. Қазақстанның бірлігін сақтап қалу үшін, еліміздің барлық аймақтарына бірдей жақын болатын, әр азаматтың жүрегінен табылатын жаңа астана керек болды. Еліміздің бейбіт өмірін сақтап қалу үшін, әлемнің алпауыт елдерімен тереземіз тең болып, қонақ жайлығымыз шексіз болуы тиіс еді. Тереземіз тең болу үшін, шексіз қонақжайлығымызды көрсету үшін, алдымен ұлылығымызды көрсететін сәулетті де, әсем жаңа астана керек болды. Бұл жағдайды алдымен түсініп білген Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы еді. Асқар таудай биік, сәулетті ғимараттардың арасынан көкке бойын көтергенару шынардай Бәйтерек көрінеді. Ресей десек, ойымызға Кремль келеді, Франция десек, ойымызға Эйфелеф мұнарасы келеді. Ал Қазақстан десек, ойымызға «Бәйтерек» кешені келеді. «Бәйтерек» кешені әрбір қазақстандықтың отаншылдық сезімін, ынтымақ пен келісім сезімін білдіреді. Бұл сезім – біздің Отанымызға деген құрмет.

Астана мен Президент екі сөз бір-бірін толықтырып тұрғандай. Аспан мен жер, дала мен күй, әке мен бала секілді.

Астана Отанымыздың жүрегіне, бүкіл елдің игілігіне, біздің халықты біріктірген ұлттық идеямызға, оның өз күшіне деген сенімнің символына айналды. Мен Астана қаласын сүйемін, мақтан етемін. Оның әйгілі тарихын қастерлеп сақтайық!

Гүлдей бер, көркейе түс, Астанам - әсем қалам!

Хайрат Жайлаугүл

№ 12 кәсіби лицейдің 2 курс студенті

Еліміздің қазіргі Елордасы – Астана. Бұл қала 1832 – жылдан 1961 – жылға дейін «Ақмола» деп аталған. Бұрын V – VI ғасырларда Есіл өзенінің жағасында аққайрақ тастан әдемілеп жасалған мола болған. Сол ақ мола өлкенің атына айналып, салынған қала «Ақмола» деп аталған. 1954 – жылдан бастап, Қазақстан жерінде тыңның көтерілуіне байланысты, ол «Целиноград» атанды.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы пікір алмасулардың бірінде: «астананы Алматыдан Ақмолаға көшірсек» деген ұсыныс айтты. Елбасы өз ойын жалғастырып, жаңа астана жобасын ортаға салды. Ақыры 1994 жылы 6 – шілдеде Жоғары Кеңес астананы көшіру туралы заң қабылдады. Жаңа астана жобасы – мемлекеттік идеяның құрамды бөлігі ғана болып қалған жоқ. Мемлекеттік, ұлттық идеяның өзегі болды. Президент астана идеясын мемлекеттің тұғырына айналдырды. Астана өркендеуі мен мемлекет нығайуы бірін – бірі толықтырып, идея, ой, әрекет, шешім, даму жолымен алға жылжу – ел бірлігін қамтамасыз етудің ұтқыр ұстанымды болды. 1997 – жылы Президент Жарлығымен Президент кеңесі, Қазақстан Республикасы Үкіметі және Парламенті Ақмолаға көшті. Ал 1998 – жылдан бастап «Ақмола» қаласы, «Астана» деп атала бастады.

Астана – Қазақстанның солтүстік аймағындағы Есіл өзені оң жағалауында, Сарыарқаның солтүстік бөлігінде орналасқан.

Астананы көшіру жобасы жарияланған тұста қоғамда, елде толып жатқан күмәнді сұрақтар туындады. Сол сауалдарға ең үлкен жауап – Астананың ғажайып ертегінің қаласындай болып сыланып, салтанат құрып, көрікті ортамызға айналғанында. Астанаға зейін қойып, көз салған кез келген адам сүйсінер келбет бетті. Астана – Қазақстанның бүкіл өміріне бұрын - соңды болмаған елеулі өзгерістер әкелді. Астана «Ақмола» деп аталып жүргенде, бір жарым ғасырдан астам мерзімде тұрғындардың саны 280 мыңға жетті. Кейін Астана мәртебесі берілуіне байланысты жоғары қарқынмен өсіп, 5 жылда 500 мыңға жетті.

Жаңа Астана құрылысы экономикалық реформалардың жаңа қарқынмен жүргізілуіне түбегейлі серпін береді. Рухани сілкініс жасады. Солтүстік Қазақстан өңірі ежелгі қазақ жері екендігі ешкімге ешнәрсе дәлелдеп жатпастан, жұрттың санасында тұрақтанды. Бұрынғы ескі қаланың көзге түсер ғимараттары өзгеріп, жаңа сипат алды. Астана – Қазақстанның өнеркәсіп және мәдени ошақтарының бірі. Қаланың кәсіпорындары ауылшаруашылық машиналарын, сантехникалық бұйымдар мен электр тетік терін, үй құрылысына қажетті темір – бетон құрамаларын, тұрмыстық химия заттарын, тоқыма маталарын шығарады.

Қазір Астанада көптеген құрылыс жұмыстары жүріп жатыр, көптеген ғимараттар салынуда. Көрнекі көшелердің бірінде Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің ескерткіштерін кездестіруге болады. Қаланың қай бұрышына барсаң да қабырғасы қаланып, төбесі жабылып жатқан, сынғырлаған ғимараттар мен тұрғын үйлер бой көтеруде. Еуропалық үлгіде сырты қапталып, айналы әйнектермен безендіріліп, әсемдене түскен. Орталық көшелердегі бұрынғы көп қабатты тұрғын үйлерді қазір тану қиын. Астана – Нұрсұлтан Назарбаевтың

бастамасымен, қажыр – қайратымен, беделімен, бақылаумен салынған қала. Елордамыз – аса ірі оқу – ағарту орталығы. Мұнда халық шаруашылығының сан саласында еңбек ететін жоғары және арнайы орта білімді мамандар даярлайды. Қалада қырықтан астам орта мектептер, колледж – лицейлер, училищелер, дәрігерлік институт, аграрлық университет, Гумилев атындағы Еуразиялық университет, құрылыс инженерлер институттары, М.Горький және С.Сейфулин атындағы үлкен кітапханалар, қазақ және орыс драма театрлары, мәдениет сарайлары, С.Сейфулин атындағы өлкетану және өнер мұражайлары үздіксіз жұмыс істейді. Бұлардан басқа ондаған арнаулы орта және жалпы білім беретін оқу орындары, кинотеатрлар, бірнеше мәдениет сарайлары халыққа мәдени қызмет көрсетеді. Астана халқының өсуіне орай көлік түрлері де көбейе түсуде. Астана еліміздің оңтүстігі мен солтүстігін, шығысы мен батысын байланыстыратын аса маңызды әуе, автомобиль және темір жол торабында орналасқандықтан, Қазақстанның басқа қалаларымен, шет елдермен қарым – қатынастары жақсы.

Бүгінгі Астана – біздің қоғамдық санамызда, халықаралық қарым – қатынаста мемлекетіміздің өркендеуінің рәмізі ретінде қабылданды.

Астана мен Президенттің есімі ел назарында екі егіз ұғым болып қалыптасты. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа Астанасының шаңырақ көтеруі – еліміздің тұңғыш Президентінің қазақ мемлекеттігін қуаттандыру жолындағы теңдесі жоқ дәуірлік ерлігі деуге болады. 2008 – жылы 6 – шілдеде еліміздің кіндігі, Сарыарқа төсіндегі Елордамызға 10 жыл толды.

Осынау тарих үшін қағым сәтте қазақ елінің бас қаласы жайнай түсті, әлемдегі ең көрікті шаһарлардың біріне айналды. Елорда елінің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтің тікелей басшылығымен қанат жаюда. Күн сайын, тіпті сағат сайын гүлдене түскен Астана – барлық қазақстандықтар мақтанышы жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстанның басты көрінісі, қол жеткен табыстарымыздың басты бейнесі де – Астана.

Астана күнінің Елбасының туған күнімен сәйкес келуінің өзінде де үлкен мән – мағына бар. Бас қаланың бүгінгісі керемет, болашағы бұдан да зор, жарқын болса, Елбасының алға ұсынған «Қазақстан - 2030» сын шеңберінде атқарылған және атқарылатын істер де ұшқан - теңіз.

Халықтың сенімін атқарып та, ақтап та келе жатқан, жаңа дәуірдегі жаңа Қазақстанның жаңа Астанасын ашқан, оны өркендеткен тұлға – еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың еңбегіне куә болған халық оған лайықты бағасын бере алары да хақ.

Президент Нұрсұлтан Назарбаев мемлекет құрылымдарының күретамырларын сауаттылықпен жүргізе алатын білікті, тәжірибелі адамдардан мемлекеттің жауапты, жоғары лауазымды қызметкерлерін іріктеп, оларды мемлекет ісіне ұйымдастыруға айырықша күш салды. Сонымен бірге, батыл түрде билікке талантты жастарды ғалымдарды, кәсіпкерлерді, бизнес адамдарын тартты, сенім көрсетті. Әрине, кемшіліксіз, қателіксіз де болған жоқ. Қателіксіз болдым деп ешқайсысы да айта алмас. Бұл да табиғилық. Жас мемлекет Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өзінің мемлекетті басқару стратегиясы мен тактикасында қоғамда болып жатқан әр түрлі қайшылықтар мен елдің бірлігіне,

тұтастығына нұқсан келтіретін құбылыстарды дер кезінде сараптап, жарамдысын жалғастырып, жарамсыз дегенінен дереу арылып, дұрыс жол таңдауға айырықша мән берді. Әлемнің ең дамыған елдерімен жіті қарым – қатынас қалыптастыруға, көршілес, іргелес елдермен татулық жағдайында, елдің аралас – құраласында мейлінше ашық, еркіндік жағдай туғызылуына пәрмен берілді. Нұрсұлтан Назарбаев мемлекеттік даму бағытында дүниежүзілік тәжірибенің ең озық үлгілерін зерттеп, бағамдай отырып, олардың бізге сәйкес келетін әдістерін ескеріп, ешкімнің де жолымен емес, өз елімізге тән, біздің ұлттық ерекшелігімізбен, болашақ мақсат, дамуымыздың кезеңдерін айшықтай алатын қазақстандық жол таңдау қажеттігіне мемлекетіміздің алғашқы күндерінен бастап айырықша мән берген. Сол мақсатты жүзеге асырды да. «Астана» жобасы осы стратегиялық дамудың бел омыртқасы болды. Қазақстандық жолдың ең үлкен данғылы – ұлтаралық келісім, түсіністік, бірлік құндылықтарының сақталып, елдің дамуына оң ықпалын қалыптастыру еді.

Осы маңызды салаға үздіксіз назар аударып, осы мемлекеттік, ұлттық идеология дәрежесіне көтере алғанының нәтижесінде біздің еліміз үшін ең қымбат құндылық – ұлтаралық татулық орнықты, ел бірлікте болды. «Астана» жобасының тиімділігі, ақталғандығы туралы ондаған, жүздеген деректі кітаптар жазылды. Астананың сәні сәулетті мен ажары асқақтаған әуендер мен талғақты жырларға арқау болды. Әлемнің әр бұрышынан келген дүниенің асыл ғажайыптарының талайын көрген, ешнәрсеге таңғала қоймайтын шетелдік сәметкерлер, дипломаттар, әр түрлі маман иелері Астана құрылысын ХХІ ғасыр жаңалығы деп таныды. Астана құрылысы – Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың күнделікті еңбегі. Ол тіпті, аса маңызды ғимараттарды тек ұсыныстарды идея ретінде ғана айтып қоймай, олардың кейбіреуінің сұлбасын, жалпы келбетін де өз қолымен сызып берген. Жаңа қаланың негізгі бөлігі, яғни құрылыс нысандарының 80 пайыздан астамы мемлекеттік бюджетінің қатысуынсыз, шетелдік, отандық инвесторлардың қаржысына салынды. Жаңа Астана бұрыңғы Целиноград пен Ақмоланың жабысқақ саз балшығынан оралып, өркениет өріне бет алды. Алыс – жақын елдердің басшылары – Президенттер, Корольдер, Парламент мүшелері, Премьерлер, Астана феномені қызықтырғын зерттеушілер, сарапшылардың көпшілігі Астана қаласының құрылысын дүние жүзіндегі елеулі оқиғаға балап, сол қаланың бас сәулетшісі – Қазақстан Президенті дегенді салмақпен айтқан.

Президентіміздің: «Астананы құру – ұлттық тарихтың жаңа мәтінін жазу. Мұндай мәртебе әр ұрпақтың мандайына бұйыра бермеген. Екі мыңжылдықтың тоғысында біз шешім қабылдап, Еуразияның жүрегінде іс жүзінде жаңа астана құрдық», - деген сөзі, ұлы тарихы оқиғаның шежіресінің басталғандығын білдіреді.

Астана мен Президент,
Егіздей болып бірлескен!
Өркендеген еліміз,
Астананы аялап!
Құрылысын ойлаған
Басшы біздің Нұрсұлтан

Әбішұлы ағамыз!
Ұлтымызға құт берген.
Еліміздің дәстүрін
Сақтап жүрген қазағым,
Тәуелсіздігі елімнің
Желтоқсанда тойланған!
Еліміз тыныш болсын,
Астана өсе берсін,
Елімізде бірлік болып,
Басшы елмен бірге болсын!

Шмакова Мария

дарынды балаларға арналған арнайы мектептің 10 сынып оқушысы

Қазіргі таңда Қазақстанның бас қаласы болып Есіл өзенінің жағасына орналасқан, әдемі, биік ғимараттары, көз шағылыстылар субұрқақтары, жасыл көшелері, тарихи, ескерткіштері бар Астана қаласы болып отыр.

Астана – президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың төл баласы іспретті. Бас қаланы ауыстыруды ұсынған да Президентіміз еді. Себебі, Алматы жеріміздің шалғай шетіне орналасқан. Халықаралық жолдармен де байланысты аз болды. Ал Ақмола қаласы Еуразияның дәл кіндігі деуге болады. Яғни, осы қала арқылы Еуропа елдеріне, Шығыс елдерге шығуға қолайлы. Сондықтан да осы талаптардың бәріне сай келген Ақмоланы бас қала етуге шешім қабылданды. Бірақ Н.Ә.Назарбаевтың бұл ойына қарсы шығушылар да табылды. Олардың уәжі бойынша, еліміздің қыруар қаржысы желге ұшады десті. Осындай көп кедергіге қайыспай, өз дегенін жүзеге асырды. Әрине, қала жобасын өз күшімізбен ешуақытта жүзеге асыра алмас едік. Президентіміздің көрегендігі арқасында шет елдерден инвесторлар тартып, олардың біздің бас қаламыздың көтерілуіне атсалысуына жағдай жасадық.

Парламент депутаттары екі жарылды. Біреулері қолдады, екіншілері қарсы шықты. Дауысқа салғанда да, аз ғана қолмен жеңіске жетті. Жеңіске жеткенмен де, бас қаланы Ақмола орнына тұрғызуға кемінде 20-30 жыл керек болар деп топшылады. Ауқымды жұмыстар жүргізілді. Н.Ә.Назарбаев бар күшін, уақытын осы іске жұмсады. Сондықтан да Президентіміздің жеңісі, жемісі деуімізге болады. Сонымен, Президентіміздің ойы жүзеге асты. Арман - қала көз алдымызда. Жас қала болашаққа нық қадам басып келеді. Қазіргі Астанаға қарап оның жаңадан тұрып келе жатқан қала екені ойына кіріп те шықпайды. Бас қаламызды тұрғызу – мемлекетіміздің тарихын кітаптың жана бетіне түсірумен бірдей. Осы тарихты жазып бастаған да президентіміз – Н.Ә.Назарбаев.

Астана Еуразия құрылығының қақ ортасына орналасқандықтан, оны Еуразияның «Жүрегі» дейді. Астана – мемлекетіміздің «беті». Барлық Қазақстанға қатысы бар жиындар осы қалада өтеді. Қала өзінің қазіргі және ескі сәулет өнерін қатар қоюымен ерекшеленеді. Қазақ халқының салт-дәстүрі де тысқары қалдырылмаған.

[Введите текст]